



Qūtyqtau

Құрметті «Soltüstik Qazaqstan» газеті редакциясының ұжымы!

Сіздерді облыстық «Soltüstik Qazaqstan» газетінің мерейлі 105 жылдығымен құттықтаймын!

Бір ғасырдан астам тарихы бар басылым халқымыздың әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуына зор үлес қосып, өңіріміздің тыныс-тіршілігін айшықтауда маңызды рөл атқарып келеді. 1920 жылдан бері өңірдің жылнамасына айналып, тарих қойнауындағы оқиғалар мен тұлғалардың есімдерін сарғайған беттерінде сақтап келе жатқан қарт басылымның солтүстікқазақстандықтар үшін орны бөлек.

Негізін Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Қошқе Кемеңгерұлы сияқты Алаштың ардақты перзенттері қалаған қарашаңырақ қолына қалам ұстаған журналистер қауымының бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Басылымда әр жылдары қаламы жүйрік, қарымы мықты журналистер жұмыс істеді. Көзі қарақты оқырмандар байырғы басылымды Солтүстік Қазақстан облысының шежіресіне балайды.

Осы мерейлі күні «Soltüstik Qazaqstan» газеті редакциясының ұжымына айтар алғысым шексіз. Ұжымға шығармашылық табыс, жаңа белестер мен жетістіктер тілеймін! Өңіріміздің рухани дамуына сүбелі үлес қосып отырған беделді басылымға қолдау көрсету — баршамызға міндет. Оқырмандарыңыздың саны көп болғай!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Kәсіпкерлік

НЕГІЗСІЗ ТАЛАП



Қоқыс шығару қалалық жерде тұратындар үшін күрделі мәселеге айналғалы қашан. Тұрғын үйлерден, түрлі ұйымдар мен кәсіпорындардан қалдықты уақтылы шығару, сақтау, өңдеу ерекше назарды қажет етеді. Облыс орталығында қоқыс шығарумен айналысатын бірнеше серіктестік бар. Солардың бірі «KZ OPT» кәсіпорны облыстық кәсіпкерлер палатасына жүгініп, туындаған қиындықтарға байланысты көмек сұрады.

(Жалғасы 3-бетте)



ҰЛТТЫҢ ҮНІ

Қазақстанда ресми тіркелген 5834 бұқаралық ақпарат құралы бар. Соның басым бөлігі, яғни 3991-і – баспа басылымдары. Кейінгі жылдары оқырман үшін күресте жаңа медиамен бәсекеге шыдай алмаған ондаған газет жабылып қалғаны белгілі. Кейбірі қағаз нұсқасынан бас тартып, интернетке көшкенімен, халық арасында бұрынғыдай танымал емес. Адам баласының назары жаппай әлеуметтік желіге ауған қазіргі заман қиындықтарына қарамастан ақ қағазға басылған ақпарат әлі де өз құнын жоя қойған жоқ.

(Жалғасы 7-бетте)

Tolғandyrar taqyryp

АУЫЛДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ АЛАНДАТАДЫ



Өңірде жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енген 12 музей бар. Соның төртеуі – еліміздің белгілі ақын-жазушыларына арналған мемориалдық мұражайлар. Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың, көркем сөздің зергері Ғабит Мүсіреповтің, ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың және жазушы-журналист Иван Шуховтың музейлері қоғам қайраткерлері туып-өскен ауылдарында. Сырттан келген қонақтар өңірдің ғана емес, елдің мақтанышына айналған тұлғалардың кіндік қаны тамған жерімен танысып, жазиралы мекенде аунап-қунап қайтуы тиіс еді. Алайда бұл мұражайлардың болашағы бұлыңғыр.

(Жалғасы 13-бетте)

Bilm beru

ТЕРІСКЕЙ ТҮЛЕКТЕРІНЕ – 50 ГРАНТ

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры Ғани Нығметов Солтүстік Қазақстан облысының түлектерімен кездесті. Сәбит Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханада өткен жүздесу барысында ректор солтүстікқазақстандық талапкерлерге 50 грант бөлуге ниетті екенін мәлімдеді. Сондай-ақ ол Петропавлдағы бірнеше мектепке барып, мұғалімдер мен оқушыларға университеттің мүмкіндіктері туралы ақпарат берді.

Ғани Нығметов кездесулер барысында инженерлік бағытқа бейім оқушылардың қатары көп екені байқалғанын айтты.

– Өзім төрт мектепте, әріптестерім 5-6 мектепте болды. Жастардың қызығушылығы жоғары. Физика-математиканы сүйіп оқитын балалар инженер болғысы келеді. Болашақта атом электр стансаларында жұмыс істеуді қалайтын талапкерлермен де сөйлестік, – деді ректор.

(Жалғасы 2-бетте)



«КЕДЕЙ СӨЗІНЕН» – ХАЛЫҚ СӨЗІНЕ

→ 4-5



ҚАЛАМЫН ҚАРУҒА АЙЫРБАСТАҒАН

→ 8-9